КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 желтоқсан № 4360-24-00-2/3108 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Қ.Жүсіпов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша электронды форматтағы азаматтық істі жеке-дара қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Куатбекова» атауымен әрекет етуші Венера Бакытбековна Куатбекова жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танып, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Куатбекова» атауымен әрекет етуші Венера Бакытбековна Куатбекова жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Куатбекова» атауымен әрекет етуші Венера Бакытбековна Куатбекова жеке кәсіпкерінен талап қоюшы «Қызылорда облысының білім басқармасының «М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 2 295 (екі мың екі жүз тоқсан бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 69 (алпыс тоғыз) теңге мемлекеттік баж шығыны өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Куатбекова» атауымен әрекет етуші Венера Бакытбековна Куатбекова жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Т.Қ.Жүсіпов**

Құжатқа қол қойылған: Жусупов Т. К., 09.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 16.01.2025, судья Елшибеков Б. Е., 17.01.2025

4360-24-3-1/3236